

Көкшетау қаласының әкімшілік шекараларындағы пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күшіні жойған

Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2015 жылғы 22 қыркүйектегі № С-41/7 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 28 қазанда № 5029 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы № С-46/5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 10.02.2016 № С-46/5 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 384, 444-баптарына, «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына сәйкес, Көкшетау қалалық мәслихаты **ШЕШІМ**
Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Көкшетау қаласының әкімшілік шекараларындағы пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемелері он е с е г е ж о ғ а р ы л а т ы л с ы н .

2. Көкшетау қаласының әкімшілік шекараларындағы пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он е с е г е ж о ғ а р ы л а т ы л с ы н .

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Бесінші шақырылған Көкшетау
қалалық мәслихатының 41-ші
кезектен тыс сессиясының төрағасы С.Рахымжанов*

*Бесінші шақырылған
Көкшетау қалалық
мәслихатының хатшысы Б.Бегалин*
«КЕЛІСІЛДІ»

Көкшетау қаласының әкімі
2015 жылғы «22» қыркүйек

Е.Маржықпаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК